

"Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 26 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 9 Нормативтік қаулысы.

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

1. "Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 26 нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-тармақта:

бірінші абзацтағы "немесе" деген сөз "және" деген сөзбен, "адвокаттың немесе ҚІЖК-нің 70-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың, егер олардың арнайы заңгерлік дайындығы және білікті заң көмегін көрсетуге қабілеті болса, іске қатысуы қорғану құқығын қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады" деген сөздер " адвокат немесе тек кәсіпқой адвокатпен қатар ғана қорғаушылар ретінде қатыса алатын ҚІЖК-нің 70-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдар жіберілуі мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац алып тасталсын;

2) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Адвокат куәлігін және осы қылмыстық іс бойынша нақты адамды (адамдарды) қорғауды жүзеге асыруға өкілеттігін куәландыратын ордерді көрсеткеннен кейін адвокат қорғаушы ретінде іске қатысуға жіберіледі.

ҚІЖК-нің 70-бабының екінші бөлігінде аталған басқа да тұлғалар қылмыстық процесті жүргізуші органға ҚІЖК-нің 72-бабының сегізінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан сәттен бастап іске қорғаушы ретінде қатысуға жіберіледі.";

3) 6-тармақ алып тасталсын;

4) 23-тармақта:

үшінші абзацтағы "апелляциялық сатының соттары" деген сөздер "апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларының соттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қорғаушының апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларына қатысуы ҚІЖК-нің 71-бабында көрсетілген жағдайларда және тиісінше ҚІЖК-нің 408-бабының

төртінші бөлігінде, 446-5-бабының төртінші бөлігінде және 467-1-бабында қарастырылған тәртіпте қамтамасыз етіледі.";

5) 24-тармақтың бірінші абзацы "апелляциялық" деген сөзден кейін ", кассациялық" деген сөзбен толықтырылсын және бірінші абзацтың үшінші сөйлемінде "апелляциялық" деген сөз алып тасталсын;

6) 26-тармақта "апелляциялық және қадағалау сатысының соттары" деген сөздер "апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларының соттары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

М. Әлімбаев

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы

Ж. Бәйішев